 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ</b>	
Құжаттың атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары		
Құжаттың түрі: <b>ИБЖ қағидалары</b>	Код: KMG-PR-1171.5-12	<b>13 беттің 1-беті</b>
Әзірлеген: Борумбаева Г.Б. 2021 ж. «___» _____	Тексерген: Жазетов Н.М. 2021 ж. «___» _____	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен 2021 ж «22» қаңтарда бекітілген, №1 хаттама. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен 2021 ж «6» желтоқсанда бекітілген №44 хаттама, өзгеріс енгізілген.

## 1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚМГ-ның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген және Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін құру тәртібін, соның ішінде ҚМГ өкілдерін ҚМГ компанияларының Директорлар кеңестеріне/Байқаушы кеңестерге тағайындау/сайлау тәртібін, сондай-ақ ҚМГ компанияларының Директорлар кеңестерінің/Байқаушы кеңестердің мүшелеріне сыйақы белгілеу және шығыстарды өтеу тәртібін айқындайды.

1.2. Директорлар кеңестерінде/Байқаушы кеңестерінде және оның комитеттерінде Компания мүдделері тұрғысынан және барлық акционерлерге/қатысушыларға әділетті қатынасты ескере отырып, тәуелсіз, объективті әрі тиімді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі және тұрақты даму қағидастары сақталуы тиіс.

1.3. Осы Қағиданың мақсаты акционер/қатысушы ретінде ҚМГ мүдделері мен құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады, сондай-ақ ҚМГ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін құру тәртібін белгілеу арқылы ҚМГ-ның уәкілетті өкілдерінің кейіннен ОСА-да/ОСУ-да дауыс беруі мақсатында ҚМГ жалғыз акционер/қатысушы болып табылмайтын акционерлік қоғамдарда/жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде акционер/қатысушы ретінде ҚМГ ұстанымын анықтау болып табылады.

## 2. Қолданылу облысы


2.1. Осы Қағида ҚМГ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін құру кезінде қолданылады.

## 3. Анықтамалар мен қысқартулар

3.1. Қағидада келесі ұғымдар пайдаланылады:

**ЕТҰ** – еншілес ұйымдар және тәуелді ұйымдар, соның ішінде ҚМГ-ның бірлесіп бақыланатын ұйымдары және бірлескен кәсіпорындары;

**ҚҚД** – корпоративтік басқару мәселелеріне жетекшілік жасайтын, ДК/БК құрамдарын құру және ДК/БК мүшелеріне сыйақы белгілеу және шығыстарды өтеу

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 2-беті</b>

бойынша бірыңғай әдіснаманы әзірлеу үшін жауапты және өз құзыреті шектерінде өзге функцияларды орындайтын ҚМГ-ның құрылымдық бөлімшесі;

**АРБД** – адами ресурстарды басқару департаменті;

**Директор** – компаниялардың Директорлар кеңесінің немесе Байқаушы кеңеснің мүшесі;

**КҚД** – Корпоративтік қауіпсіздік департаменті;

**БжЖД** – ҚМГ бюджеттеу және жоспарлау департаменті. [өзгеріс 1]

**Кандидат** – Директорлар кеңесінің немесе Байқаушы кеңеснің мүшесіне қойылатын біліктілік талаптарына сай келетін және Директорлар кеңесінің немесе Байқаушы кеңеснің мүшесі немесе ҚМГ өкілі ретінде қарастырылатын жеке тұлға;

**ҚМГ** – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;

**Жетекші** – ҚМГ бұйрығының негізінде құзыретіне тиісті бизнес-бағыт бойынша ЕТҰ-ның акциялар пакетін (қатысу үлестерін) тиімді басқару мәселелерін шешу кіретін Басқарма Төрағасының орынбасары және өзге басшылар;

**Кодекс** - ҚМГ-ның корпоративтік басқару кодексі;

**Компания (осы қағиданың мақсаттары үшін)** - акциялар пакеті (қатысу үлестері) меншік құқығымен немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен ҚМГ-ға тиесілі заңды тұлғалар;

**КНВ** – Компанияның Директорлар кеңесінің кадрларды тағайындау және сыйақы төлеу мәселелері жөніндегі комитеті;

**БК** – Компанияның Байқаушы кеңесі;

**АЖЖ/ҚЖЖ** – акционерлердің жалпы жиналысы/қатысушылардың жалпы жиналысы;

**Тізбе** - акциялар пакетінің (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан аса проценті ҚМГ-ға тиесілі және ОСА-ның/ОСУ-дың ерекше құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша оларға қатысты шешім ҚМГ-ның ДК-сымен қабылданатын заңды тұлғалардың тізбесі;

**ҚМГ өкілі** – акционер/қатысушы болып табылатын ҚМГ өкілі ретінде ДК/БК құрамына тағайындалған/сайланған тұлға;

**ДК/БК мүшесінің/лерінің бейіні** – Директорлыққа кандидат ие болуға тиіс тәжірибеге, дағдыларға және біліктілікке қойылатын талаптардың сипаттамасы;

**Кандидаттар пулы** – ҚҚД-мен, жетекшімен, АРБД-мен, КНВ-мен, ДК/БК төрағасымен және өзге көздермен ұсынылған кандидаттар санатынан ҚМГ-мен (ҚҚД-мен) құралатын Директорлыққа кандидаттардың деректер базасы;


**Қызметкер** – ҚМГ-мен еңбек қатынастарында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

**ҚМГ ДК** – ҚМГ-ның директорлар кеңесі;

**ДК** – Компанияның директорлар кеңесі.

#### 4. Жауапкершілік

4.1. Жетекші ДК/БК-ні уақытылы қалыптастыру үшін, директорлар кеңестерінің құрамында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 3-беті</b>

директорлардың үлесін қамтамасыз ету үшін, ДК/БК құрамдары туралы ақпаратты уақытылы ұсыну, Директорларды сайлау (тағайындау) және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату бойынша мәселелерді ҚМГ мен ЕТҰдың уәкілетті органдарының қарауына енгізу, Директорлармен жасалатын шарттарға қол қойылуды қамтамасыз ету үшін жауапты болады.»; ҚҚД ДК/БК құрамы бойынша электрондық деректер базасын жүргізу, келісу үшін кандидат туралы ақпаратты АРБД-ға уақтылы жіберу, сондай-ақ кандидаттарды іздестіру және келісу үшін жауапкершілік көтереді.[өзгеріс 1]

4.2. ҚМГ-ның Комплаенс қызметі/ ЕТҰ-ның тиісті құрылымдық бөлімшесі директор ретінде кандидатты кандидаттардың қысқаша тізіміне енгізу кезінде мүдделер қақтығысының болу/болмауына тексеру үшін жауапкершілік көтереді.

4.3. ҚҚД сыбайлас жемқорлықтың және өзге құқық бұзушылықтың болу/болмауы бойынша, сенімділік (кандидатқа және оның жақын туыстарына тіркелген коммерциялық құрылымдардың болуына, ашық ақпарат көздерінде теріс және әшкерелеуші мәліметтердің болуына, соттылықтың болуына тексеру жүргізу) бойынша кандидат ұсынған мәліметтердің шындыққа сәйкестігін тексеру үшін жауапкершілік көтереді.

4.4. ҚҚД сыбайлас жемқорлықтың және өзге құқық бұзушылықтың болу/болмауы бойынша, сенімділік (кандидатқа және оның жақын туыстарына тіркелген коммерциялық құрылымдардың болуына, ашық ақпарат көздерінде теріс және әшкерелеуші мәліметтердің болуына, соттылықтың болуына тексеру жүргізу) бойынша кандидат ұсынған мәліметтердің шындыққа сәйкестігін тексеру үшін жауапкершілік көтереді.


4.5. БЖЖД Үміткерлерге төленетін сыйлықақы мөлшерін қарау және келісу үшін жауапты болады.[өзгеріс 1]

## **5. Процесті сипаттау**

### **5.1. СДК/БК құру тәртібі**

5.1.1. ДК/БК құрамына кандидаттарды іздестіру және іріктеу кезінде келесі факторлар назарға алынады:

- 1) басшы лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) ДК/БК мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) кәсіби ортадағы жалпы жұмыс өтілі;
- 4) тиісті саладағы жұмыс өтілі;
- 5) білім, мамандық, халықаралық сертификаттарды қоса алғанда (бар болса);
- 6) тұлғалық-іскерлік құзыреттіліктің болуы;
- 7) іскерлік беделі;
- 8) ДК/БК құрамына сайланған жағдайда, тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы;
- 9) тәуелсіз директорға кандидаттар үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Компанияның жарғысымен белгіленген тәуелсіздік критерийлеріне сәйкестік.

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 4-беті</b>

ҚМГ өкілі ретінде тағайындау/сайлау үшін кандидатты қарастыру кезінде келесі талаптар ескеріледі:

- 1) ҚМГ өкіліне жүктемені азайту/болдырмау мақсатында кандидаттың біркөзгілде компаниялардың 5 (бестен) аса ДК-сына/БК-сына қатысуы;
- 2) Компанияның тиісті саласында кандидаттың жұмыс тәжірибесінің болуы;
- 3) ерекше жағдайларда, жетекшінің қолдауы бойынша ҚМГ қызметкері болып табылмайтын кандидат ҚМГ өкілі болуы мүмкін.

5.1.2. ДК/БК құрамын қалыптастыру келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) жоспарлау;
- 2) Кандидатты/тарды іздестіру және іріктеу;
- 3) сыйақы белгілеу;
- 4) ДК/БК құрамына сайлау.

5.1.3. Осы Қағиданың 5.1.2.-тармағының 1)-3) тармақшаларында қарастырылған кезеңдер кезінде негізгі мүдделі тараптардың процесне қатысу және кандидаттарды сапалы түрде іріктеу үшін ҚМГ-да келесі тұлғалардың (бұдан әрі – тараптар) қатысуымен бірлескен немесе жеке талқылаулар (жұмыс кеңестері) жүргізіледі:

- корпоративтік басқару функциясына жетекшілік жасайтын ҚМГ басшысы;
- қаржылық мәселелерге жетекшілік жасайтын ҚМГ басшысы;
- жетекші;
- адами ресурстарды басқару жөніндегі функцияға жетекшілік жасайтын ҚМГ басшысы;
- ДК/БК төрағасы (қажет болса);
- ТСК төрағасы (қажет болса).

Мүдделі тараптар мен КНВ мүшелері мүдделер қақтығысы оқиғасын тудыруға жол бермеуі керек және өзінің тағайындалу және/немесе сыйақы алу мәселелерін қарастыруға қатыспауы қажет

Талқылау қорытындылары (жұмыс кеңестері) ҚҚД-мен хаттамаланады.


## 5.2. Жоспарлау

5.2.1. Мұқият және сапалы іріктеуді қамтамасыз ету үшін ДК/БК мүшелерін сайлау рәсіміне ДК/БК ағымдағы өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын ҚҚД-ға KMG-F-3940.1-12/ PR-1171.5-12 нысанына сай қызметтік жазбаны жолдау арқылы бастама жасалады. [өзгеріс 1]

Осы тармақтың бірінші бөлімімен белгіленген мерзім ДК-ның/БК-ның бүкіл құрамының немесе оның жекелеген мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда қысқартылуы мүмкін.

Директорды іздестіру үшін мыналарда негіз болып табылады:

- Директордың ДК/БК-дағы өзінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 5-беті</b>

– АЖЖ/ҚЖЖ (жалғыз акционер/жалғыз қатысушы) шешімімен ДК-ның/БК-ның бүкіл құрамының немесе оның кейбір Директорларының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

5.2.2. ДК-ның/БК-ның бүкіл құрамының немесе оның кейбір Директорларының болашақ бейінін әзірлеу мақсатында жоспарлау кезеңінде ҚҚД-мен ДК-ның/БК-ның және оның комитеттерінің ағымдағы құрамына алдын ала талдау жасалады, келесі критерийлерді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:

- ДК/БК саны;
- ДК/БК комитеттері: функциялары және құрамы;
- Директорлар тарапынан ДК-ның/БК-ның және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға талдау жасау;
- тәуеліз директорлар мен акционерлер өкілдері арасындағы арақатынас;
- Директорлар тәжірибесінің, құзыреттілігінің және дағдыларының, жеке қасиеттерінің, гендерлік құрамының және жастарының арақатынасы;
- Компанияның орта және ұзақ мерзімді перспективаға арналған стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне талдау жасау;
- акционердің/қатысушының соңғы 3 жылдағы күтуін іске асыру;
- ДК/БК құрамдары бөлігінде ұқсас компаниялар бенчмаркингі;
- Компанияны корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері.

5.2.3. ҚҚД мүдделі тараптармен жұмыс кеңесін (талқылау) жүргізеді, онда мынадай шешімдер қабылданады:

- 1) Директор (Директорлар) бейінін бекіту;
- 2) үміткерлерді, оларға осы Қағидалардың 5.5. және 5.6-тармақтарын ескеріп төленетін сыйлықақылар мен өтемақылық шығыстардың мөлшерлері және оларды төлеу жағдайлары бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ ҚҚД, Комплаенс қызметінің, АРБД, БжЖД және өзге де құрылымдық бөлімшелердің (қажет болған жағдайда) қорытындыларын келісу/ олардан бас тарту.» [өзгеріс 1]

5.2.4. Алынып тасталды [өзгеріс 1]


5.2.5. Аланып тасталды [өзгеріс 1]

### 5.3. Кандидатты/тарды іздестіру

5.3.1. Үміткерлер бір немесе бірнеше арнаны пайдаланып іздестірілуі мүмкін:

- Қазақстанның Тәуелсіз Директорлар Қауымдастығын тарту;
- Үміткерлер пулы;
- ақпаратты ҚМГ-нің ресми веб-сайтына орналастыру;
- ҚМГ жетекшілерінің/Компанияның ТСК/ҚҚД/АРБД ұсыныстары;
- өзге де қолжетімді іздеу әдістері. [өзгеріс 1]

5.3.2. Кандидатты/тарды іздестіруге арналған өтінімде әлеуетті кандидаттарда Компания, Директордың міндеттері мен ролі, сондай-ақ Директордың бекітілген бейініне сәйкес қойылатын талаптар туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақпарат болуы тиіс

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 6-беті</b>

5.3.4. ҚҚД Үміткерден тиісті Директор позициясына кандидатурасын қарауға алдын ала келісiмiн алып, iздеу нәтижелерi бойынша Компанияның директоры бейiнiне сәйкес келетiн Үмiткерлер тiзiмiн қалыптастырады. [өзгерiс 1]

5.3.5. ҚҚД мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық және өзге құқық бұзушылықтардың болу/болмауына, сенiмдiлiкке (кандидатқа және оның жақын туыстарына тiркелген коммерциялық құрылымдардың болуына, ашық ақпарат көздерiнде терiс және әшкерелеушi мәлiметтердiң болуына, соттылықтың болуына) тексеру жүргiзу үшiн Кандидаттар туралы мәлiметтердi Комплаенс қызметiне және ҚҚД-ға жiбередi.

5.3.6. ДК/БК құрамына кандидатта компания бойынша қандай да бiр материалдық мүдделiлiктiң, Директордың тәуелсiз пiкiрiне ықпал жасай алатын өзара қарым-қатынастың немесе жағдайлардың болуына жол берiлмейдi

Кандидаттардың өзiнiң лауазымдық, функционалдық мiндеттерiн бейтарап орындауына кейiннен ықпал етуi мүмкiн (тiкелей немесе жанама) мүдделер қақтығысының пайда болуына жол бермеу мақсатында кандидаттарда болуы мүмкiн материалдық мүдделiлiкке тексерiс жүргiзу керек, қоса алғанда, бiрақ келесiлермен шектелмей:

- Кандидаттың еңбек қызметiн, консалтингтiк және өзге қызметтерiн, кеңесшi немесе сенiмдi тұлға/делдал ретiнде шығуын, өзге ұйымда директор немесе атқарушы орган мүшесi қызметiн атқаруын қоса алғанда бәсекелес компаниялардағы немесе компаниялармен жұмыс iстейтiн өзге ұйымдардағы қызметi;

- Кандидатта, оның жақын туыстарында Компанияның тәуелдi және еншiлес ұйымдарында, компанияда, сондай-ақ компаниямен жұмыс iстейтiн (немесе жұмыс iстеу мүмкiндiгi бар) өзге ұйымдарда, бәсекелес компанияларда акциялар пакетiнiң немесе айтарлықтай қатысу үлесiнiң болуы;

- Кандидатта Компанияның қызметiне айтарлықтай ықпал ете алатын немесе қызметiн реттей алатын мемлекеттiк органдарда жауапты мемлекеттiк лауазымдар атқаратын жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының/зайыбының болуы.


## **5.4. ДК/БК мүшелерiн iрiктеу және сайлау**

5.4.1. ҚҚД кандидаттар пулын, кандидаттар бойынша келiп түскен ұсыныстарды, кандидаттардың өтiнiштерiн қарастырады, Директор бейiнiне сәйкестiгiн анықтау мақсатында кандидаттар туралы ақпаратты, сондай-ақ Комплаенс қызметi және ДКБ жүргiзген тексерiс ақпаратын ескере отырып, талдайды және кандидаттардың қысқаша тiзiмiн жасайды да, жұмысшы кеңестiң қарауына шығарады.

Директорларға төленетiн сыйлықақы мөлшерi бойынша ұсыныстар мiндеттi түрде БЖЖД-мен келiсуге жатады. [өзгерiс 1]

### **5.4.2. Жұмыс кеңесiнде:**

- Директорлар ретiнде сайлануға Үмiткерлердiң қысқа тiзiмi қаралады;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 7-беті</b>

– Директор лауазымына ықтимал Үміткерлермен сұхбат жүргізіледі (қажет болғанда);

– үміткерлерді, оларға осы Қағидалардың 5.5. және 5.6-тармақтарын ескеріп төленетін сыйлықақылар мен өтемақылық шығыстардың мөлшерлері және оларды төлеу жағдайлары бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ ҚҚД, Комплаенс қызметінің, АРБД, БЖЖД және өзге де құрылымдық бөлімшелердің (қажет болған жағдайда) қорытындыларын келісу/ олардан бас тарту туралы шешім қабылданады. Ұсынылған барлық Үміткерлерден бас тартылған жағдайда Үміткерлерді іздеу жалғастырылуы тиіс. [өзгеріс 1]

5.4.4. Алынып тасталды [өзгеріс 1]

5.4.5. Жетекші ҚМГ Басқармасы/ҚМГ ДК шешімінің жобасын және ДК/БК сайлау немесе ДК/БК жаңа мүшесін сайлау туралы мәселені белгіленген тәртіппен ҚМГ Басқармасы/ҚМГ ДК қарауына енгізу үшін барлық қажетті материалдарды дайындайды.

ҚМГ жалғыз акционер/қатысушы болған жағдайда және ДК/БК мүшелерін тағайындау/сайлау туралы шешім ҚМГ Басқармасымен/ҚМГ ДК-мен қабылданған жағдайда, Жетекші ҚМГ Басқармасымен қабылданған шешім туралы ҚМГ Басқармасының хаттамасынан белгіленген тәртіппен үзінді көшірме алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы ҚҚД-ға және АРБД-ға хабарлайды.

ҚМГ меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқару құқығымен жүз проценттен аз дауыс беруші акцияларға/қатысу үлестеріне иелік жасаған жағдайда және ДК/БК мүшелерін тағайындау/сайлау туралы шешім Компанияның АЖЖ/ҚЖЖ-мен қабылданған жағдайда, Жетекші Компанияның АЖЖ/ҚЖЖ-мен қабылданған шешім туралы Компанияның АЖЖ/ҚЖЖ хаттамасынан белгіленген тәртіппен үзінді көшірме алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы ҚҚД-ға және АРБД-ға хабарлайды.

Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан аса проценті ҚМГ-ға тиесілі заңды тұлғаларға қатысты, АЖЖ/ҚЖЖ ерекше құзыретіне жататын ҚМГ Жарғысына сәйкес қызмет мәселелері бойынша шешім, атап айтқанда ДК/БК мүшелерін тағайындау/сайлау туралы шешім ҚМГ-ның уәкілетті органымен қабылданады.


Жетекші ҚМГ ДК-мен қабылданған шешім туралы ҚМГ ДК хаттамасынан белгіленген тәртіппен үзінді көшірме алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы ҚҚД-ға және АРБД-ға хабарлайды.

5.4.6. ДК/БК сайлау (ДК/БК жаңа мүшесін сайлау) мәселесі жөніндегі материалдарда келесілер болуы тиіс, қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:

1) KMG-F-3802.1-12/ PR-1171.5-12, KMG-F-2720.2-12/ PR-1171.5-12 нысандарына сәйкес тағайындауға/сайлауға өтінім-келісім;

2) KMG-F-2814.2-12/ PR-1171.5-12 нысанына сәйкес Кандидат туралы мәліметтер;

3) Кандидат тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 8-беті</b>

4) Кандидаттың толық түйіндемесі;

5) Компанияға үлестестік туралы мәліметтер;

6) білім туралы құжаттың, ғалымдық дәрежесі туралы құжаттың, лицензиялардың және/немесе патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың (бар болса) көшірмесі (ҚМГ-ның нотариалды расталған көшірмені сұратуға құқы бар)

7) Кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат.

Материалдарда ұсынылып отырған кандидат қандай акционердің/ қатысушының өкілі болып табылатындығы көрсетілуі керек немесе Компанияның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табыла ма/жоқ па, ол да көрсетілуі керек.

Кандидаттың/тардың құжаттары мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде, сондай-ақ қажет болса ағылшын және өзге тілдерде ұсынылуы керек.

5.4.7. ДК мүшелері 3 (үш) жыл мерзімге сайланады. БК мүшелері 5 (бес) жыл мерзімге сайланады

Директорлардың өкілеттік мерзімі ДК/БК бүкіл құрамының өкілеттік мерзімімен сай келеді және ДК-ның/БК-ның жаңа құрамын сайлау туралы АЖЖ/ҚЖЖ (жалғыз акционер/жалғыз қатысушы) шешім қабылдаған сәттен бастап аяқталады.

ДК құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан артық мерзімге сайлаудың кез-келген мерзімі ДК құрамын сапалы түрде жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады.

Тәуелсіз директор қатарынан 9 (тоғыз) жылдан артық мерзімге ДК-ға сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан артық мерзімге сайлана алады. Тәуелсіз директорды ДК-ға сайлау ДК-ның осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың тәуелсіз шешім қабылдауға ықпалы егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сйын жүргізілуі тиіс.


ДК/БК бүкіл құрамы және кейбір мүшелері қайта сайланғанда және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқанда, осы Қағиданың 5.2.2.-тармағымен белгіленген критерийлер назарға алынады .

ҚМГ Басқармасының мүшесі ҚМГ Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқы бар. ҚҚД ҚМГ Басқармасының мүшесіне келісім беру туралы ҚМГ ДК шешімінің жобасын және ҚМГ ДК қарауына шешімнің жобасын белгіленген тәртіппен енгізу үшін барлық қажетті материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді.

5.4.8. ДК/БК-ның сайланған мүшелерімен шартқа АЖЖ/ҚЖЖ (жалғыз акционер/жалғыз қатысушы) уәкілеттік берген тұлға қол қояды, егер өзгедей Компанияның Жарғысымен қарастырылмаған болса.

ДК мүшелеріне арналған үлгілі шарт KMG-F-2719.2-12/ PR-1171.5-12 нысаны бойынша берілді, БК мүшелеріне арналған үлгілі шарт KMG-F-2721.2-12/ PR-1171.5-12 нысаны бойынша берілді. Үлгілі шарт Директор мен Компанияның құқықтары мен міндеттері бөлігінде толықтырылуы мүмкін. Директорға төленетін



 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 9-беті</b>

сыйлықақы белгіленбеген жағдайда Үлгілі шарттың сыйлықақы төлеуге қатысты ережелері алып тасталады. [өзгеріс 1]

Бірнеше акционерлері/қатысушылары бар компанияларда үлгілік шарт АЖЖ/ҚЖЖ-мен бекітіледі.

5.4.9. ДК/БК құрамын немесе кейбір директорларды қайта сайлағаннан кейін, директорлардың қысқаша түйіндемесі бар ақпарат Компанияның интернет ресурсында ҚМГ/ АЖЖ/ҚЖЖ / Компанияның уәкілеті органының шешімінен үзінді көшірме алынған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарияланады .

## **5.5. Сыйақы және шығыстарды өтеу**

### **5.5.1. Сыйақы деңгейін белгілеу**

#### **5.5.1.1. Директорларға сыйақы екі бөліктен тұруы мүмкін:**

- белгіленген жылдық сыйақы;
- ДК/БК-да төрағалық, ДК комитеттерінде мүшелік және төрағалық үшін қосымша сыйақы.

5.5.1.2. ДК/БК-да мүшелік үшін сыйақыға Компания қызметінің нәтижелерімен байланысты опциондар немесе басқа элементтер кірмеуі тиіс.

5.5.1.3. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директордың міндеттері, Компания қызметінің масштабы, даму стратегиясымен және бизнес жоспармен анықталатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Компанияның қаржылық мүмкіндіктері назарға алынады.

5.5.1.4. Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді.

5.5.1.5. ҚМГ өкілдеріне сыйақы мөлшері мен шарттары ҚМГ-ның уәкілетті органының шешімдерінің негізінде анықталады.

Бұл ретте функционалдық міндеттеріне Компанияның ДК-сында/БК-сында ҚМГ мүдделерін білдіру кіретін ҚМГ қызметкерлеріне ДК/БК-да мүшелік үшін сыйақы төленбейді.


5.5.1.6. Үміткерлерге төленетін жылдық тиянақталған және қосымша сыйлықақы мөлшерлері бойынша ұсыныстар Компанияның Бюджеті мен Бизнес-жоспары ескеріліп, және мыналарға:

- орындалатын міндеттердің күрделілігі мен жауапкершілігіне;
  - өндіріс (бизнес) ерекшеліктері мен көлемдеріне және онымен байланысты тәуекелдерге;
  - еңбектің салалық ерекшелігіне;
  - Компанияның Қазақстан Республикасын әлеуметтік-экономикалық дамытудағы рөлі мен орнына байланысты БЖЖД-мен келісіліп қалыптастырылады.
- [өзгеріс 12]

5.5.1.7. Алынып тастады. [өзгеріс 1]

5.5.1.8. Директорлардың сыйақыларының мөлшері бойынша КНВ ұсыныс енгізуге құқылы.

5.5.1.9. Директор есептік кезеңде ДК/БК-ның өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, белгіленген жылдық

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 10-беті</b>

сыйақы төленбейді, уақытша еңбекке жарамсыздық себебі бойынша отырыстарда болмау жағдайларын қоспағанда.

Директор өзі мүшесі болып табылатын ДК/БК және оның комитеттерінің отырыстарына қатыспаған жағдайда, оның сыйақысы пропорционал түрде кемиді, сондай-ақ бұл Директорды ДК/БК құрамынан шығару туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Бұл ереже Компанияның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес ДК/БК отырыстарын шақыру тәртібі бұзылған жағдайда қолданылмайды.

Директор ДК/БК және оның комитеттерінің күндізгі отырыстарына техникалық байланыс құралдарының көмегімен қатысуы мүмкін. Алайда мұндай қатысу ДК/БК және оның комитеттерінің жылына барлық өткізілген күндізгі отырыстарының жалпы санының 40% аспауы керек.

Шектелген жылдық сыйақылардың белгіленген мөлшері Компания қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштері және/немесе негізгі көрсеткіштері нашарлаған жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

## **5.6. Шығыстарды өтеу**

5.6.1. Барлық директорларға ДК/БК және ДК комитеттерінің отырыстарына және ДК/БК Төрағасымен және/немесе ҚМГ Басқармасының Төрағасымен, Компанияның бірінші басшысымен бастама жасалған, Директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге барумен байланысты келесі шығыстар өтеледі:

- 1) жол жүруге, соның ішінде трансфер;
- 2) тұруға;
- 3) тәуліктік;
- 4) Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (мобильдік байланысты қоспағанда);


5) сканерлеу, ксерокөшірме, факс, құжаттарды басу, басып шығару, Қазақстан Республикасындағы интернет желісіне қол жетімділік қызметтері;

- 6) курьерлік қызметтер және почта қызметі.

5.6.2. Жол жүру, сканерлеу, ксерокөшірме, факс, құжаттарды басу, басып шығару, Қазақстан Республикасындағы интернет желісіне қол жетімділік, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (мобильдік байланысты қоспағанда) қызметтері, курьерлік қызметтер және почта қызметі бойынша шығыстарды өтеу растаушы құжаттарды ұсынған жағдайда, нақты шығыстар бойынша Компаниямен жүргізіледі. Тек құжатпен расталған шығыстар ғана өтелуге жатады.

5.6.3. Тұру бойынша, соның ішінде брондау жөніндегі шығыстарды өтеу люкс сыныптамасы бойынша бір орындық нөмір құнынан аспайтын мөлшерде нақты шығыстар бойынша растаушы құжаттарды ұсынған жағдайда, Компаниямен жүргізіледі.

5.6.4. Отырысқа/кеңеске қатысу үшін әрбір күнге төленетін тәуліктік шығыстар мөлшері Компанияның бірінші басшысы үшін Компанияның ішкі

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 11-беті</b>

құжатымен қарастырылған іссапар шығыстарын өтеу нормалары шектерінде анықталады.

## **5.7. Сыйақыларды және шығыстарды өтеу шарттарын белгілеу**

5.7.1. АЖЖ/ҚЖЖ (жалғыз акционер/жалғыз қатысушы) директорларға сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшерін және шарттарын белгілейді.

Директорларға сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері және негіздемесі директорлармен жасасылатын шарттарға енгізіледі, ҚМГ қызметкерлерін қоспағанда.

## **5.8. Сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу тәртібі**

5.8.1. Директорға сыйақы ДК/БК, ДК комитеттерінде мүше болған немесе ДК/БК төрағасы болған кезеңге мөлшерлес мөлшерде сыйақы төлеудің есептік кезеңінен кейінгі ай ішінде Компаниямен төленеді. Тиісті күнтізбелік жылдың тоқсаны, жартыжылдығы немесе жылы сыйақы төлеудің есептік кезеңі болып табылады

АЖЖ/ҚЖЖ (жалғыз акционер/жалғыз қатысушы) шешімінің негізінде сыйақы төлеудің нақты кезеңі директормен жасасылатын шартта анықталады

5.8.2. Директорға сыйақы мен шығыстардың өтемақысы Директордың қарастыру бойынша банктік төлем картасына немесе есептік шотына аударылады

5.8.3. Есептік кезең аяқталғанға дейін Директордың өкілеттігі тоқтатылған жағдайда (соның ішінде мерзімінен бұрын), Директорға Компанияның Директорлар Кеңесінің/Байқаушы кеңесінің құрамында нақты болған кезеңі үшін сыйақы және өтемақы өкілеттік мерзімінің аяқталу сәтінен, АЖЖ/ҚЖЖ (жалғыз акционердің/жалғыз қатысушының) тиісті шешімі қабылдану сәтінен немесе Директордың өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішті беру сәтінен бастап бастап бір айлық мерзімнен кешіктірілмей төленеді.


## **5.9. ДК/БК құрамдары бойынша электрондық деректер базасын жүргізу**

ДК/БК құрамдары бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру/жүргізу үшін есептерді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерінің дерекқоры» ақпараттық жүйесінде толтыратын Компанияларды қоспағанда, Жетекшілер әрбір айдың 20 күнінен кешіктірмей айына бір рет KMG-F-2722.2-12/ PR-1171.5-12 нысаны бойынша Компаниялардың ДК/БК құрамдары туралы ақпаратты ҚҚД мен АРБД-ға ұсынып отырады. [өзгеріс 1]

Сондай-ақ, жедел ақпарат ДК/БК құрамдары бойынша тиісті өзгерістер болған жағдайда да жетекшімен жіберіледі.

## **6. Процесс нәтижелілігінің критерийлері**

ДК құрамында тәуелсіз директорлар саны ДК мүшелерінің жалпы санының кем дегенде 30 (отыз) проценті болу керектігі жөніндегі арақатынасты сақтау процестің критерийі болып табылады.


 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
	<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>




## 7. ЖАЗБАЛАР НЫСАНЫ

<i>KMG-F-2813.2-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Тәуелсіз директор ретінде Директорлар Кеңесінің мүшелігіне енгізуге арналған өтініш-келісім</i>
<i>KMG-F-3802.1-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың өкілі ретінде ретінде Директорлар Кеңесінің мүшелігіне енгізуге арналған өтініш-келісім</i>
<i>KMG-F-2814.2-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Директорлар Кеңесінің/Байқаушы кеңеснің мүшелігі лауазымына кандидат туралы мәліметтер</i>
<i>KMG-F-2719.2-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Директорлар Кеңесінің мүшесімен шарт</i>
<i>KMG-F-2720.2-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Байқаушы кеңеснің құрамына енгізуге арналған өтініш-келісім</i>
<i>KMG-F-2721.2-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Байқаушы кеңеснің мүшесімен шарт</i>
<i>KMG-F-2722.2-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Ақпараттық брошюра</i>
<i>KMG-F-3940.1-12/ PR-1171.5-12</i>	<i>Қызметтік жазба [өзгеріс 1]</i>

## 9. Блок-схема [өзгеріс 1]

Процеске кіру:	ҚМГ компаниясының ДК/БК мүшесін сайлау		
Блок-схема	Әрекет	Кім орындайды	Жазба
	1. ҚМГ компанияларының ДК/БК мүшесі лауазымына үміткерді іріктеу (5.3-тармақ)	ҚҚД, Жетекші, АРБД, ТСК, ДК/БК төрағасы, өзге көздер	
	2. Үміткерден алынған мәліметтерді Комплаенс қызметіне және ҚҚД-ға тексеруге жіберу (5.3.5тармақша)	ҚҚД, Комплаенс қызметі, ҚҚД	
	3. Материалдарды Жұмыс кеңесінің қарауына жолдау (5.4-тармақ)	Корпоративтік басқару, адами ресурстарды басқару функцияларына, қаржылық мәселелерге жетекшілік ететін ҚМГ басшылары, ДК/БК төрағасы (қажет болғанда), ТСК төрағасы (қажет болғанда)	
	4. Мәселені ҚМГ Басқармасына/ҚМГ ДК немесе ЕТҰ АЖЖ/ҚЖЖ енгізу (5.4.5тармақша)	Жетекші	ҚМГ Басқармасының, ДК немесе АЖЖ/ҚЖЖ шешімінің хаттамасы

 <b>ҚазМұнайГаз</b> <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидалары	
<b>ИБЖ нысаны</b>	<b>KMG-PR-1171.5-12</b>	<b>13 беттің 13-беті</b>

  	5. ДК/БК сайланған мүшесімен шарт жасасу (5.4.8-тармақша)	Жетекші	KMG-F-2719.2-12/ PR-1171.5-12, KMG-F-2721.2-12/ PR-1171.5-12 нысандары бойынша Шарт
	6. Директорлар кеңестерінің/ Байқаушы кеңестердің құрамы туралы ақпаратты ЕТҰ-ға жолдау (5.9-тармақ)	Жетекші	KMG-F-2722.2-12/ PR-1171.5-12 нысаны қоса берілген қызметтік жазба
<b>Процестен шығу:</b>		<b>Қол қойылған шарттың көшірмесі, ҚҚД-ның KMG-F-2722.2-12/ PR1171.5-12 нысанына сай ЕТҰ ДК/БК туралы ақпараты</b>	